



Ақтоғай ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 285 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 6214 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Ақтоғай ауданының полиция бөлімі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Павлодар облысының

полиция департаменті

Ақтоғай ауданының полиция бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ. Арынов

С. Жарылғапов

Ақтоғай ауданы
әкімдігінің 2018
жылғы "25" желтоқсандағы
№ 285 қаулысына
қосымша

Ақтоғай ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды

көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) Ақтоғай ауданы әкімінің құрмет грамотасы;
- 2) Ақтоғай ауданы әкімінің алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермелеудің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция департаменті Ақтоғай ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ақтоғай ауданының ПБ) енгізеді;

3) Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады;

4) Ақтоғай ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Ақтоғай ауданы әкімінің құрмет грамотасын, Ақтоғай ауданы әкімінің алғыс хатын, ақшалай сыйақы, құнды сыйлықтар беруді Ақтоғай ауданының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.